


ISSN: 2958-5376  
ISSN-L: 2958-5376

# MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(7)2024



ӘОЖ\_39

## «САРАЙШЫҚ» МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘДІГЕРЛЕР

*Т.Е. Мысабаева*

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» (Қазақстан)

**Аңдатпа.** Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» Атырау облысындағы туристер көп келетін мәдениет ошақтарының бірі болып саналады. 1999 жылы «Сарайшық» музей-қорығы ашылып халыққа қызмет көрсете бастаған кезде музей қорында 200-ден аса жәдігер болған. Қазіргі таңда музей-қорық қорында 5093 заттай жәдігерлер бар. Олар: археологиялық, этнографиялық, фото-архивтік құжаттар, нумизматикалық және көркем сурет жәдігерлер болып бес ғылыми классификациялық топқа жіктелген. Олардың көпшілігі түпнұсқа болғандықтан өте құнды және қайталанбайтын туындылар болып табылады.

Мақалада «Сарайшық» музей-қорығы топтамасындағы этнографиялық жәдігерлер қатарында ауыл тұрғыны Л. Жанғұтованың тапсырған кебезесі, жастық ағашы, алаша тоқитын өрмек ағашы және Исатай ауданы, Хамит Ерғалиев ауылының тұрғыны А. Молдағалиеваның тапсырған үлдірігіне сипаттама берілген. «Сарайшық» музей-қорық қорындағы этнографиялық жәдігерлердің негізгі түсім бұл республикада облыс көлемінде ұйымдастырылған «Музейге сый» акциясы барысында қабылданған.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Өткен өмірде тұрмыста пайдаланылған материалдық құндылықтарымызды соңғы деректермен салыстыра зерттеп, өткен ғасырдың халық тұрмысы мен мәдениетінің тарихи даму үрдісі сипатталды. Ата-бабадан келе жатқан асыл мұраларымызды өскелең ұрпаққа экспозициядан көрсетіп, маңызын түсіндіріп, мәдени мұра ретінде насихаттау бағыты ұсталынды.

**Тірек сөздер:** Сарайшық, музей, этнография, жәдігер, кебеже, рухани мұра.

**Сілтеме жасау үшін:** Мысабаева Т.Е. «Сарайшық» музей-қорығындағы этнографиялық жәдігерлер // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 85-90 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.10

## ЭТНОГРАФИЧЕСКИЕ ЭКСПОНАТЫ МУЗЕЯ-ЗАПОВЕДНИКА «САРАЙШЫҚ»

*Т.Е. Мысабаева*

Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық» (Казахстан)

**Аннотация:** Государственный историко-культурный музей-заповедник «Сарайшық» Министерством культуры и информации Республики Казахстан является одним из наиболее посещаемых туристами культурных центров Атырауской области. В 1999 году, когда был открыт музей-заповедник «Сарайшық» и начал обслуживать население, в фонде музея насчитывалось более 200 экспонатов. В настоящее время в фонде музея-заповедника насчитывается 5093 материальных экспонатов. Они разделены на пять научных классификационных групп: археологические, этнографические, фотоархивные документы, нумизматические и художественные артефакты. Большинство из них очень ценны и уникальны.

В статье описаны этнографические коллекции музея-заповедника «Сарайшық»: деревянный сундук для пищевых продуктов, деревянная подставка под подушку, деревянный станок для вышивки ковров, переданные жительницей села Л. Жангутовой, и деревянный открытый кухонный шкаф, переданный А. Молдағалиевой, жительницей села Х. Ерғалиев Исатайского района. Основной источник поступления этнографических

экспонатов в музей-заповедник – республиканская акция «Дары музею», проведенная в области.

**Материалы и методы исследования.** Исторический процесс развития народной жизни и культуры прошлого века сопоставлен с новейшими данными. Мы должны показать молодому поколению наше драгоценное наследие наших предков, объяснить его важность и пропагандировать его как культурное наследие.

**Ключевые слова:** Сарайшык, музей, этнография, реликвия, сундук, духовное наследие.

**Для цитирования:** Мысабаева Т.Е. Этнографические экспонаты музея-заповедника «Сарайшык» // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 85-90. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.10

## ETHNOGRAPHIC EXHIBITS OF THE «SARAISHYQ» MUSEUM-RESERVE

*T.E. Mysabaeva*

State Historical and Cultural Museum-Reserve «Saraishyq» (Kazakhstan)

**Abstract.** The State Historical and Cultural Museum-Reserve "Sarayschyk" is considered one of the popular cultural centers of the Atyrau region in the republic by the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan. In 1999, when the museum-reserve "Sarayschyk" was opened and began to serve the population, the museum fund numbered more than 200 exhibits. Currently, the museum-reserve fund contains 5093 material exhibits. They are divided into five scientific classification groups: archaeological, ethnographic, photo archival documents, numismatic and artistic artifacts. Most of them are very valuable and unique, because they are original. The article describes the ethnographic collections of the Saraishyq Museum-Reserve: a wooden chest for food, a wooden pillow stand, a wooden loom for embroidering carpets, donated by a resident of the village L. Zhangutova and a wooden open kitchen cabinet donated by A. Moldagalieva, a resident of the village of Kh. Ergaliev, Isatai district. The main source of ethnographic exhibits in the museum-reserve was during the republican campaign in the regions "Gifts to the Museum".

**Materials and methods of the research.** The historical process of development of folk life and culture of the last century is compared with the latest data. We must show the younger generation our precious heritage of our ancestors, explain its importance and promote it as a cultural heritage.

**Keywords:** Saraishyq, museum, ethnography, relic, chest, spiritual heritage.

**For citation:** Mysabaeva T.E. Ethnographic exhibits of the «Saraishyq» museum-reserve // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 85-90. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.10

**Кіріспе.** Қазақ этнографиясы – қазақ халқының тұрмысын, мәдениетін, тарихын, қоғамдық дамуын және әлеуметтік ерекшеліктерін зерттейтін ғылым саласы.

Қазақ халқы өзінің күнкөріс тіршілігіне қажетті үй-жай салуды, киім-кешек тігуді, азық-түлік өндіруді өзінің тұрмыстық кәсібі етіп, оларды күнделікті тіршілік барысында орынды пайдаланып, әсем бұйымдар жасап, оны өмірде сән-салтанат құруға да пайдаланды. Халықтың қолөнеріне әдет-ғұрып жабдықтарымен қатар, аң аулауға, мал өсіруге және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтар да кіреді. Оларға киіз үйдің сүйегі, ағаш керует, кебеже, сандықпен қатар, кілем, сырмақ, алаша, ши тоқу да кіреді. Күнделікті тұрмыстық жағдайға қажет арқан, жіп есіп, көннен және илеулі теріден қайыс, таспа тіліп, өрім өріп, қолдан әр алуан ыдыс-аяқ, адалбақан, асадал, бесік сияқты басқа да көптеген заттарды шеберлер, қолөнершілер өз қолдарымен жасап, түрлі нақыштармен әшекейлейтін болған [Есмұрза, 2018: 46].

Халықтың қолөнердегі мүліктерінің бір тобы – үй-іші жабдықтары болса, екінші тобы – қайыс өру, қару-жарак, көшу-қону, жол-жорық жабдықтары болды. Қазақ халқының қолөнерінде ағашты, киізді, темірді ұсату оларды өңдеп тұрмыс қажетіне қосып іске асыру болғанымен, үй жиһаздарын, бұйымдарын жасау, тек нағыз шеберлердің қолынан келген.

Ұсталар киіз үйдің сүйегін арнайы дайындап ағаштарды кептіріп, морға салып иіп, сырлап жасаған. Әрбір киіз үй іші жиһазсыз болмаған. Оған жүкаяқ, ағаш төсек, жастық ағаш, кебеже, асадал, күбі, әбдіре жасалып киіз үйдің төрінен бастап босағасына дейін сәнді ретімен орналастырылатын болған.

**Талқылау.** XIX ғасырда және XX ғасырдың бас кезінде қазақ халқының қолөнерінде киіз үйге қажетті жабдықтарды жасау, ағаш төсек, ағаш өрнектеу, кесте тігу, өрмек тоқу, киіз басу және т.б. күнделікті тұрмыс-тіршіліктің қажеттілігінен туындады. Кебеже, сандық, жүкаяқ, қобдишалар жасау үшін алма мен жаңғақ ағаштары пайдаланылған. Әр шебер өзінің мүмкіндігіне қарай үй бұйымдарының қайсысын болсын асқан шеберлікпен жасай білген. Осындай аса шеберлікпен туындаған ағаштан жасалған үй жиһаздарының кейбіреуіне тоқталып өтуді жөн көріп отырмыз [Есмырза, 2018: 47].

Кебеже – бұрынғы кезде азық-түлік сақтауға пайдаланылған. Олар бетіне сүйек, күмістен ою-өрнекпен әшекейленген сандықша үлгісінде жасалған. Кебеже еліміздің барлық аудандарында кездесетін, халық арасында көптеп тараған, сыртын сырлап, көзге түсер жақтарын көркемдеп, әсемдеп жасалатын жиһаз. Оның беттеріне сырмақ, текемет оюларына салынатын оюларды ойып жасайтын арнайы шеберлер болған. Мұндай кебелердің негізгі өрнегі – қошқар мүйіз, қос мүйіз, кейде өсімдік тектес оюлар болып келген. Кебеже – халық тұрмысындағы көшіп-қону кезінде екі өркешті түйеге теңделіп, түрлі зат салып тасуға да қолданылған.

Бұл мақаламызды жазуға себеп болған, өзінің жекелеген мағлұматтарымен бөлісіп, жәдігерлерді «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына «Музейге сый» акциясы аясында тапсырған Сарайшық ауылының тұрғыны Л.Р. Жанғұтова. Ол өзі тапсырған жәдігер туралы мынадай мәліметтер берді: Бұл кебеже әкем Жанғұтов Рамазанның шаңырағында пайдаланған көне жиһаздың бірі (сурет 1.)

1930-1932 жылдары Орпа ауылдық Кеңесінің хатшысы болған қоғам белсендісі, 1908 жылы туылған Жанғұтұлы Шахмардан (Қарағұл деп атаған) Л.Р. Жанғұтованың әкесі Рамазан Жанғұтовтың ағасы болады. Жанғұтұлы Шахмардан Орпадағы үйіне Жайық бойындағы №15 ауылдың шебері, руы себек Бектерекұлы Мақтымқұлды алдырып үй жиһазы, осы кебежені жасатқан екен. Бұл кебеже екі қатарлы болып, көшіп-қону кезінде ыңғайсыз болғандықтан астыңғы бөлігін бөлек тиеп алатын болған. Бірақ, қазіргі күнге дейін астыңғы бөлігі сақталмай қалған.



Сурет 1. Л.Р. Жанғұтованың «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған кебежесі.

Жастық ағаш – бұл бұйым жастықтың астына қойып жатуға ыңғайлы болу үшін жасалған төсек орын жабдығы (сурет 2.) Ағаш жастықтар ер адамға және әйел адамға деп, бөлек арналып жасалатын болған.

Л.Р. Жанғұтованың айтуынша: «Қайын атам, Өтеәліұлы Шаймардан кебеже, сандық, кілттенетін шкаф секілді мүліктерді жасайтын шебер болды. Ол 1893 жылы туып, 1965 жылы қайтыс болды. Арапша жазу-сызуды білген сауатты адам болған. Руы – адай, Токпанбет бөлімінен. Ағаштан бұйымдар жасаумен қатар аяқ киімдерді де тіккен. Өзінің түрлі аяқ киім қалыптары болған, өкінішке орай олар қазіргі күнге дейін сақталмай қалды. Қайын атам өмірден өткен адамдарға құлпытас құйып, белгі орнататын кәсіппен де айналысқан.

Бүгінгі таңда атамыздың ұрпақтары Сарайшық ауылында тұрады. Өтеәліұлы Шаймарданның ұлы Қадыржан Шаймарданов та өмірден өтіп кетті. Бірақ Қадырбек, Мұратбек, Жұмабек есімді немерелері осы ауылда түтін түтетуде».



Сурет 1. «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығындағы «Жастық ағаш».

Л.Р. Жанғұтованың «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған әжесінің «өрмек ағашы» құралы туралы әңгімесіне тоқталсақ, бұл алаша тоқуға арналған құрал. Л.Р. Жанғұтованың айтуынша: «Бұл әжеміз Әсима Есжанқызының пайдаланған отбасылық жеке құралдары. Әжеміз, Әсима Есжанқызы 1905 жылы туып, 1997 жылы өмірден өтті. Темірден жасалған үш тағанды мосы, қылыш, адырғы, өрмек ағашы секілді жабдықтары болды (сурет. 3.)

«Өрмек ағашы» құралын атамыз, Өтеәліұлы Шаймардан әжеміз, Әсима Есжанқызына арнап жасап берген екен. 1990-жылдарға дейін әжеміз, Әсима Есжанқызы өзінің өрмек ағашымен «қақпа алаша» тоқып жүрді. Әжеміз, Әсима Есжанқызы дүниеден озған соң, қазақ халқының қолөнерін нақыштайтын «өрмек ағашын» «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсыруды жөн көрдім».



Сурет 3. Л.Р. Жанғұтованың «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған әжесінің «өрмек ағаш» құралы.

Л.Р. Жанғұтованың «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған келесі үй жиһазы «асадал» туралы бірер сөз. Л.Р. Жанғұтова: Сонымен бірге үйде асадал деп айтып жүрген жиһаз да болды. Асадал – тамақ және ыдыс-аяқ сақтайтын үй жиһазы, кебеженің бір түрі. «Ас» және «адал» деген сөздерден құралған. Оны аналарымыз үлдірік деп те атайтын. Үлдірік көбіне Қазақстанның батысында кең таралған атау. Оның екі-үш сөресі болады, алдыңғы екі жақтауы өрнектелген, есігі болмайды, бетіне матадан перде жауып ұстайды. Сөрелерге тағам салынған ыдыстар қойылады.

Бұл үлдірікті де Жайық бойындағы №15 ауылдың шебері Бектерекұлы Мақтымқұл шебер жасаған. Бірақ бұл мүлік бүгінгі күнге дейін сақталмай қалды.

Осы үй жиһаздарын жасаған Бектерекұлы Мақтымқұл шебер 1892 жылы туып, 1961 жылы дүние салды. Себектің: Андағұл бөлімінен. Ағаштан, темірден түйін түйген шебер болған кісі. Ол кісінің ұрпақтары: ұлы Мұрат, немерелері Жұмажан, Мақсот, Қонысбай өмірден өтіп кетті, басқа ұрпақтары бүгінгі күнге дейін Сарайшық ауылында тұрып, өсіп-өнуде.

«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына, «Музейге сый» акциясы бойынша, Атырау облысы, Исатай ауданы, Хамит Ерғалиев ауылының тұрғыны – Молдағалиева Ақкенже әкесі Молдағалиев Қайрекеннің ХХ ғасыр басында пайдаланған үлдірікті сыйға тартқан болатын.

Үлдірік – бұл қазақ халқы тұрмысында ыдыс-аяқ, тамақ қоюға арналған сөре тәріздес жиһаз түрі (сурет 4). Қазақ халқы көшпелілікпен айналысқандықтан, көші-қонға ыңғайлы ғана жиһаз түрлерін пайдалануға мәжбүр болғанымен, ақсүйектерге арналған үйлердегі үй жиһаздары қарапайым халықтың жиһазынан әлдеқайда жинақы, ыңғайлы, әсемдірек болған.



Сурет. 4. А. Молдағалиеваның «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қорығына тапсырған жиһаз түрі – Үлдірік.

**Қорытынды.** Бұл мақалада баяндалған жәдігерлерді қазақ халқының қолөнер тарихынан мол мағлұмат беретін құнды дүниелері деп айта аламыз. Ең бастысы мақалада сипатталған жәдігерлердің барлығы дерлік көшпелі қоғамның тұрмыс-тіршілігіне арналып жасалған және қазақ халқының ата кәсібі болған мал шаруашылығымен тығыз байланысты. Ұлт тарихын насихаттауда этнографиялық жәдігерлердің орны ерекше. Дегенменде, біз тоқталған үй жиһазы түрлері көшпелілікпен айналысқан халықтар үшін ортақ жиһаз түрі болып табылады.

Бүгінгі таңда осы халық арасында сақталған қолөнер бұйымдарын өскелең ұрпаққа экспозициядан көрсетіп, маңызын түсіндіріп, мәдени мұра ретінде насихаттау «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорық қызметкерлерінің жауапты істерінің бірі.

### ӘДЕБИЕТ

*Есмырза Ұ.А.* Мәдени мұраны сақтау және қалпына келтіру мәселелері: республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар материалдары. //Шәуілдір, 2018. 46-47 бб.

### REFERENCES

*Esmyrza Yu.A.* Problems of preservation and restoration of cultural heritage: materials of the republican scientific and practical seminar //Shauldir, 2018, pp. 46-47.

**Автор туралы мәлімет:** Мысабаева Толқын Ерболатқызы – «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы жәдігерлермен таныстырушысы (060707, Атырау қаласы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Мырзағали Қазірет-11, Қазақстан). E-mail: tolkin24.07@mail.ru

**Сведения об авторе:** Мысабаева Толқын Ерболатовна – экскурсовод Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (060707, г. Атырау, Махамбетский район, с. Сарайшык, Мырзағали Казирет-11, Казахстан). E-mail: tolkin24.07@mail.ru

**Information about the author:** Tolkyn Y. Myssabayeva – guide of the State Historical and Cultural Museum-Reserve "Saraishyq" (060707, Atyrau, Makhambet district, Saraishyq village, Myrzagali Kaziret-11, Kazakhstan). E-mail: tolkin24.07@mail.ru

*Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 17.04.2024.*

*Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 22.08.2024.*

*Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 29.08.2024.*